

The central characters within her texts are all trapped in some way whether physically or psychically. Brontë often placed her characters in environments where their psychic and emotional entrapment is represented by their physical environment and the spaces they are allowed to inhabit. This physical representation of entrapment is exhibited in the texts regularly. It is as evident in young Jane's confinement in the 'redroom' as it is in Jane's allocation of her room at Thornfield. In both places her limitations of access are clearly defined.

### Literature

1. Alexander, Christine. 'That Kingdom of Gloom': Charlotte Brontë, the Annuals, and the Gothic', *Nineteenth-Century Literature*, Vol. 47, No. 4 (Mar., 1993), p 409- 436
2. Armit, Lucie. 'Haunted Childhood in Charlotte Brontë's Villetta.' *Yearbook of English Studies* (2002)
3. Barker, Juliet. *The Brontës*, (London: Weidenfeld and Nicholson, 1994)
4. Brontë, Anne *The Tenant of Wildfell Hall*, (Hertfordshire: Wordsworth, 1984)
5. Brontë, Charlotte. *Jane Eyre*, (London: Penguin Press, 1996)
6. Brontë, Charlotte. *Villetta*, (Oxford: OUP, 1984)
7. *Female Beauty*, *Brontë Studies*, Vol. 34 No. 3, (November 2009)

ӘОЖ 378.147

## ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ НЕМІС ТІЛІН ОҚЫТУ

Тұрған Шолпан Айдарханқызы

[sholpan.turgan@mail.ru](mailto:sholpan.turgan@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің « Шетел тілі: екі шетел тілі(неміс тілі)» мамандығының 4-курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Кенжетаева Г.К.

Жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың маңыздылығы – білім мазмұнын жаңарту әрекетімен байланыса енгізілуінде. Білім алу процесінде маңыздысы – оқушының рөлін белсендендіру, сол себепті дәстүрлі оқытуға қарағанда жаңа заманауи технологиялар оқушыны субъект ретінде дамуын қарастырады. Жаңа педагогикалық технологияларды зерттеуде коммуникативтілікті арттыратын технологиялар басты назарға алынды. Себебі, білім алу процесінде шет тілін оқытуда оқушылардың сөйлеу әрекетін дамыту қажет. Жаңа педагогикалық технологияларға тоқталмас бұрын «технология» терминінің мағынасын ашып алайық.

«Технология» сөзі грек тілінен шыққан: *techno* – шеберлік, өнер, *logos* – сөз, ұғым, сана, білім, яғни, бұл – шеберлік жайындағы ұғым болып табылады, сана шеберлігі, білім беру шеберлігі дегенді білдірмек [1, 86]. Технология арқылы белгіленген мақсатқа жету жолында бірнеше қадамдар орындалады, және әр қадамды ретпен жүйелі түрде өту маңыздылығы орын алады. Алғаш технология термині технологиялық құрылғыларымен қоса дамыса, 60-70 жылдардан бастап педагогикалық үдеріске енді. Ал педагогикалық технология дегеніміз мақсатқа жету қадамдарын оңтайлы деген әдістерді зерттеу, білім беру жүйесіндегі түрлі факторларға талдау жасау арқылы оқытудың тиімділігін жоғарылататын әдістерді, құралдарды қолдану және саралау, оған баға беру [2, 56]. Педагогикалық процесте ұйымдастырушылық, реттілік, мақсаттың болуын көздеген чех гуманисті Я.Коменский болатын. Ол өзінің еңбектерінің бірі «Ұлы Дидактика» (1632) кітабында оқудың ретпен, тәртіппен жүру әрекетінің

маңыздылығын көрсетеді. Тәртіп үдерісінде әр әрекет бір-бірімен тығыз байланыста екенін жазады [3, 134б.]. Бұл мақсатты түрде, жоспарға сай әрекет етуге педагогикалық технологиялар септігін тигізеді. Ал коммуникативтілікті дамытатын технологияларды тәжірибе жүзінде алғаш рет XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап американдық педагогтар Э.Арносон, Р.Славин, Д.Джонсон, Е.С.Полат қолданған болатын [4]. Тәжірибе жүзінде ынтымақтастық технологиясы сыналған және оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын арттыруда топпен жұмыс істеген балалардың коммуникативтілік қабілеттерінің дамығандығы дәлелденген. Соған сәйкес біз педагогикалық технологияларды сынауды №46 мектеп-гимназиясында, 6 «А» сынып оқушыларымен өндірістік тәжірибеден өту барысында өткіздік. Тәжірибе барысында басқа да жаңа заманауи технологиялар зерттеліп, сыналды. Неміс тілінде сөйлеу дағдысын дамыту шаралары келесідей жаңа заманауи педагогикалық технологиялармен жүзеге асты:

Интерактивті технологиялар;

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы;

Кейс технологиясы.

6 «А» сыныбы неміс тілі сабағында екі топқа бөлінетіні анықталды. Заманауи технологияларды неміс тілін үйренуде енгізу 10 оқушымен Planet 3 оқулығы негізінде жүзеге асырылды.

Оқыту технологияларын ұйымдастыру алдында оқушылардың білім жүйесінің жаңартылған нұсқасына ойларын, қызығушылығын білу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама 10 сұрақтан, «Иә/жоқ», «Өз ойыңды білдір» деген жауаптардан тұрды. Жүргізілген қорытынды бойынша білім алушылардың білім алу процесіндегі жаңашылдықтарға оң көзқараста екені анықталды.

Жоғарыда келтірілген жаңа заманауи технологияларды тәжірибеге енгізу процесі интерактивті технологиядан бастау алды.

**Интерактивті технологиялар.** Интерактивті оқыту технологиясының мақсаты – білім алушылардың білім алу дағды әрекеттерін белсендендіре отыра олардың бойында сыни тұрғыдан ойлауын дамыту, шығармашылық көз қарасын кеңейту, өз ойын дәлелді ақпараттар арқылы жеткізе білуіне жағдай жасау. Интерактивті технологияларды қолдану кезінде ақпараттық, коммуникативтілік, құндылық-мағыналық, танымдық, ұжымдық құзыреттіліктер дамиды [5, 5б].

Тәжірибе барысында сабаққа қойылатын міндеттерге келесілерді жатқыздық:

- белсенділікті арттыратын әдістер қолдану;
- коммуникативті дағдыны дамытатын әдістерді қолдану;
- бір-бірін тыңдап үйрену;
- диалог құрып үйренуі;
- өзіндік жұмыс жасай білу;
- өз көзқарасын дәлелдей білу.

Интерактивті технология оқыту үдерісіне енгізу «Ассоциация тізбегі» әдісімен басталды. Әдіс бойынша оқушылар Planet 3 оқулығының 46 бетіндегі 5 жұмыскердің суретімен жұмыс жасау арқылы әр жұмыскермен байланысты фактілерді, олар жайлы мәліметтерді бірінен соң бірі айтып, қайталанбайтындай жеткізуі тиіс болды [6]. Сонымен қатар, басқа да жұмыскер атауларын еске түсіруі сұралды. Әр оқушы кем дегенде 2-3 мамандықты атады және олар туралы мәлімет жинақталды.

Сабақта диалог жүргізу мақсатында «Сұхбат» әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс бойынша оқушылар екіге бөлінді (әр топта 4-5 оқушыдан), сұхбат жүргізуші және түрлі мамандық иелері арасында ауызша әңгіме құру арқылы жүргізілді. Дайындалуға 4-5 мин берілді. Тәжірибе барысында жүргізуші өз репликасын айтып болған соң, бірінші топта таңдау дәрігер, журналист, аспазшы, механик мамандықтары болса, ал екінші топта таңдау мұғалім, дәрігер, компьютер маманы, даяшы, дизайнер мамандықтарына түсті. Оларға маман иесі ретінде

қойылған нақтылау сұрақтарына жауап берілді. Бұл әдістің оң көрсеткіші ретінде жүргізуші мағыналы әрі дұрыс формада сұрақ қоюға үйренсе, ал белгілі бір мамандық рөлдерін таңдаған оқушылар қойылған сұрақтарға шығармашылық қабілеттерін қоса отырып, ойлана жауап беруі болды.

Коммуникация жасау үшін жаңа сөздерді игеру мақсатында «Сәйкестендір» тапсырмасын орындау тапсырылды. Тапсырма бойынша оқушылардың алдарына оқылған мәтін бойынша жаңа сөздермен жұмыс ұсынылды. Сол қатарда жаңа сөздер қатары берілсе, ал оң жақ қатарында түсіндірмелі сөз тіркестері немесе сөйлемдер жазылды.

«Фишбоун» әдісі арқылы «Белгілі бір мекемеде тәжірибеден өтіп жатқан адамда қандай қасиеттер болу керек?» деген сұрақ бойынша пікіралмасу әрекеті жүрді. Оқушылардың түсінігі бойынша мына қасиеттер тәжірибеде жүрген адамда болу керек:

- командада жұмыс істей алу қабілеті;
- өз-өзіне деген сенімділік;
- өз ісінің маманы болу;
- жауапкершілік;
- еңбекқорлық;
- қазақша, орысша дұрыс, таза сөйлей білу;
- шет тілдерін білу.

Оқушылардан осы қасиеттерді бойына жинау үшін не істеу керектігі жайында сұралды. Жауаптар келесідей болды: мектепте, университетте жақсы оқу, кітап оқу, қызығушылықтармен айналысу, шет тілдерін үйрену, әртүрлі курстарға бару.

«Дискуссия-диспут» әдісі. Бұл әдісті қолдану үшін Planet 3 оқулығының 48 бетіндегі Статистика тапсырмасы орындалды [6]. Тапсырма бойынша білім алушылар Германиядағы абитуриенттердің көп таңдалатын мамандық түрін берілген статистикалық сызба бойынша анықтады және сызбаға қатысты оқушыларға басқа да нақтылау сұрақтары қойылды. Мысалы, осы статистика Қазақстанда қалай өзгередіні талқыланды, оқушылар өз болжауларын айтты.

**Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы.** Бұл технологияның мақсаты – білім алушының оқуға деген қызығушылығын ояту, тақырып мағынасын жақсы түсінуі, жаңа қырларына зер салу [7, 2136]. Мұнда оқушылар бойында танымдық, ақпараттық, дамытушылық құзыреттіліктері дамиды. Бұл технологияны қолдану барысында, Дж.Бареллдің ойынша, оқушылардың бойында мына қасиеттер дамиды:

- өзінің шешіміне сенімді болуы;
- жаңа идеяларды сараптау қабілеті;
- жанындағы қатарластарын тыңдауы;
- туындаған мәселені жан-жақты қарауы;
- басқа қатарластарының көзқарастарын ескеруі;
- өз қабілетіне талдау жасай білуі, бағалауы;
- білімін жан-жақты қолдануы;
- ізденпаз болуы [8,10-116].

Сыни ойлау технологиясын тәжірибеде қолдануда сабаққа мынадай міндеттер қойылды:

- туындаған мәселелік сұрақты жан-жақты қарай алу қабілетін дамыту;
- логикалық ойлау қабілетін дамыту;
- берілген тапсырмаға талдау жасап, бағалай білуі;
- ізденімпаздық қабілетін дамыту;

Сабақ «Relativpronomen» тақырыбы бойынша жүргізілді. Оқушылар қатыстық есімдіктердің мән-мағынасы толық түсінуі үшін салыстырамалы түрде екі баған берілді:

- Das ist meine Freundin. Sie spielt Klavier gern.
- Ich kenne sie seit vier Jahren.

Pizza schmeckt ihr.

Ich gehe mit ihr weg.

Das ist meine Freundin, die Klavier gern spielt.

die ich seit vier Jahren kenne.

der Pizza schmeckt.

mit der ich weggehe.

Салыстыруға берілген екі нұсқаны оқушылар оқып, аударды. Екі нұсқада айырмашылықты табуы тапсырылды. Білім алушылар келесі айырмашылықтарды анықтады:

1-нұсқада бес сөйлем бар, ал 2-нұсқа төрт сөйлемнен тұрады;

1-нұсқада бірінші сөйлемдегі басты объект қалған сөйлемдерде er, ihn, ihm есімдіктері арқылы алмастырылған, ал 2-нұсқада үтірден кейін ол der, den, dem арқылы жылғасын тапқан.

Оқушылармен бұдан шыққан тұжырымды қорытындыладық, яғни, бұл тұста «менің досым» объектісі жайлы ары қарай толығырақ мәлімет беру үшін бір сөйлеммен, үтір қоя отырып, қатыстық есімдіктерді пайдалануға болатыны айтылды. Кейін қатыстық есімдіктердің септік бойынша жіктелу нұсқасы ұсынылды.

Қатыстық есімдіктерді сөйлемде қою жолдарын анықтау және жаттықтыру үшін жаттығу жұмысы орындалды. Жаттықтыру жұмысында Блум таксономиясы қолданылды. Бұл таксономия мына ретпен жүргізілді:

алдымен балалар болжамды қатыстық есімдікті атады;

неге дәл осы есімдікті атауын түсіндірді;

бұл есімдікті атауына қандай жолдар көмектескендігі жайында сөз қозғады;

берілген сөйлемге ұқсастырып мысал келтірді;

қатыстық есімдіктердің маңыздылығы туралы айтылды.

Сабақ соңында «Инсерт» әдісі бойынша сабақ қорытындыланды.

Екінші сабақта мәтінмен жұмыс жасалды. Мәтінмен жұмыс Planet 3 кітабының дәптеріндегі 48 бетіндегі «Leben auf der Insel: Planet Helgoland» бойынша орындалды [6]. Бұл мәтінге қатысты «Тоқтап-тоқтап оқу» әдісі пайдаланылды. Мәтін алдын ала 5 бөлікке бөлініп алынды. Оқушылар әр бөлігін оқыған сайын бөліктеріне қатысты нақтылау, түсіндірмелі сұрақтары мәтін мазмұнына байланысты болса, ал шығармашылық сұрақтар келесі оқылатын бөлігіне қатысты қандай болжам жасай алатынына қарай қойылды. Кейін «Plusquamperfekt, Passiv, zu+Infinitiv» деген өткен грамматикалық тақырыптарды қайталау мақсатында «Кластер» әдісі пайдаланылды. «Кластер» әдісімен тақырыпты қайталауы кезінде оқушылар жасалу жолдарын еске түсірді, мысал келтірді. Еске түсіргеннен кейін қайталау жаттығулары орындалды.

**Кейс технологиясы.** Кейс технологиясы білім алушыларға жағдаятты беріп, оны талдауына негізделеді. Бұл технология барысында коммуникативтілік, танымдық, ақпараттық құзыреттіліктер дамиды. Кейс технологиясы қолданудағы ерекшеліктерге мыналар жатқызылады:

ауызша сөйлеу дағдысын дамыту (өткен тақырыптардың не ұқсас тапсырмалардың берілуі);

топтарға бөлініп, бір-бірімен тақырыпқа байланысты ойларымен бөлісуі тақырып мазмұнын дұрыс түсінбеген оқушыға үлкен көмек болады;

оқытушы бағыт-бағдар беруші рөлін алады [7, 92б].

Сабаққа қойылатын міндеттер қатарына мыналар жатқызылды:

ауызша сөйлеуді дамытатын әдістерді қолдану;

оқушылардың субъект ретінде әрекет етуіне жағдай жасау.

Сонымен қатар «Дөңгелек үстел» әдісі пайдаланылды. Әдіс бойынша балалар «Präpositionen: in, auf, über, unter, neben hinter, vor, an, zwischen» тақырыбына талқылау жұмыстары жүргізілді. Алдымен білім алушылардан бұл көмекші сөздерді кездестіру жиілігі жайында сұралды. Олар мәтіндерде, диалогтарда көп кездестіретіндерін жеткізді. Оларға берілген көмекші сөздерді екі топқа бөлінуі арқылы бір-біріне түсіндіру керектігі туралы тапсырма берілді. Тапсырма бойынша дайындыққа 8 минут уақыт тағайындалды. Бірінші топқа in, auf, über, unter ал екінші топқа neben, hinter, vor, an, zwischen көмекші сөздерін талдау ұсынылды. Тапсырма бойынша олар берілген көмекші сөздерге байланысты көмекші сөздерден кейін қандай септік қолдану керектігі жайлы мағлұмат, қолдану ерекшелігін, мысалдар беру қажет болды. Оқушылар қажетті мәліметтерді жинап болған соң, бір-біріне түсіндірді, сұрақтар қойды.

Кейін Planet 3 дәптеріндегі 58 бетіндегі мәтін ұсынылды [6]. Мәтінді балаларға өздігінен оқуға 5 минут берілді. Мәтін бойынша оқушыларға нақтылау сұрақтары қойылды. Ол сұрақтар келесідей болды:

Басты кейіпкер кім?

Басты кейіпкер немен айналысады?

Басты кейіпкер нені жоспарлады?

Жаттықтырушының басты кейіпкердің алдағы жоспарына көзқарасы қандай?

«Жағдайды талдау» әдісінің қолданысы жоғарыдағы сұрақтарға жауап беріліп болған соң орындалды, оқушыларға мәтін ішіндегі мына сөйлемге назар аударуы ұсынылды:

«Er glaubt, dass es besser ist, wenn man sich nicht zu viel vornimmt» (Оның (басты кейіпкердің) ойынша, адам тым көп нәрсені жоспарлап, соған жетуді көздемеуі жақсы болар еді). Осы жолдарға келісу не келіспеушілігі жөнінде ойлары сұралды. Балалардың жартысынан көбі бұл сөйлеммен келісті. Оны олар ойлаған жоспарларының орындалып-орындалмауы белгісіз және адамның сол арқылы қаймықпау сезімі болатынын жеткізсе, ал кей біреулері алдын ала жоғары мақсаттар қою жөн деген ойда болды. Сонымен қатар, «Бұл адамның өзіне, қабілеттеріне байланысты» деген ойлар да болды.

Қорытындылай келе, сабақ барысында қолданылған технологиялар оқушылардың көңілінен шықты. Және осы технологияларды қолдану төмендегідей нәтижелерді көрсетті:

- әр сұраққа шығармашылықпен жауап беруі;
- өз-өзіне сенімділіктің артуы;
- өз ойын еркін айтуға талпынуы;
- әр сұраққа ойлана ізденпаздықпен жауап беруі;
- танымдық қызығушылықтарының артуы;
- топпен жұмыс істеуі;
- пікіралмасу кезінде бір-бірін тыңдауы, бір-бірінің жауаптарына назар аудара өз дәлелдерін ұсынуға үйренуі;
- өз тұжырымдарын айтқанда оны дәлелдей білуі;
- диалог жасап үйренуі,
- бір-бірін және өздерін бағалай білуі.

Қашықтықтан оқыту кезінде коммуникативтілікті дамытатын технологияларды қолдану оқушылардың өздік жұмыс жасау әрекеттерімен сипатталды. Өздік жұмыс жасауларына, біріншіден, өзін-өзі дамыту, ізденіс жасауы үшін итермелеу әрекеті болса, ал, екіншіден, уақыт көлемінің жетіспеушілігі де әсерін берді. Сабақ көлемінің созылуының аздығы, сабақ үстінде топпен жұмыс жасау әрекетінің қиындығына әкеп соқтырды. Уақыт жетіспеушілігінің салдарынан Zoom платформасымен қатар, Whatsapp қосымшасы пайдаланылды. Сонымен қатар, топтық жұмыстардың кей бөліктері келесі сабаққа қалдыру әрекетімен орындалды.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. – Алматы: 2014. – 360 б.
2. Современные педагогические технологии: учебное пособие для студентов-бакалавров, обучающихся по педагогическим направлениям и специальностям / Автор-составитель: О.И. Мезенцева; под. ред. Е.В. Кузнецовой; Куйб. фил. Новосибир. гос. пед. ун-та. – Новосибирск: ООО «Немо Пресс». – 2018. – 140 с.
3. Ян Амос Коменский - т.1 Великая дидактика Государственное Учебно-педагогическое издательство Наркомпроса РСФСР. – 1939. – 320 с.
4. [Современные технологии обучения иностранному языку \(infourok.ru\)](http://infourok.ru)
5. Зайцев В.С. Интерактивные технологии обучения студентов и магистрантов в современном вузе: учебное пособие. – Челябинск. – 2017. – 85 с.
6. Hueber Verlag Planet 3. – 2007. – 160 S.
7. Сүлейменова Ж., Орынбаев А., Абитжанова Ж. С 85 Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш-сөздік. – Алматы: Эверо. – 2009. – 248 б.
8. Развитие критического мышления на уроке: пособие для учителей общеобразоват. учреждений/ С.И. Заирбек, И.В.Муштавинская. – 2-е изд., дораб. – М.: Просвещение. – 2011. – 223 с.

## THE CONCEPT OF “WAR” REPRESENTED IN WW1 POETRY

**Tursynova Dana Aidynkyzy**

[tursunova.d@bk.ru](mailto:tursunova.d@bk.ru)

student of L.N. Gumilyov ENU,

Scientific supervisor –Nurkenova S.S.

Candidate of Philological Sciences, acting professor

[nurkenova\\_S@mail.ru](mailto:nurkenova_S@mail.ru)

It is no secret that every war and struggle is imprinted first in the hearts of people, and then in history and remains there forever. The war does not remain intact in the memory; it is periodically disclosed. War is displayed in different ways, and everyone takes it in his or her way, not only each individual but also each nation. War, of course, will always have certain things in common: enmity between two sides, conflict, death, and lasting repercussions. For hundreds of years, soldiers have returned from war different men and women, the things they have seen changing the way they go through life.

The first world war (WWI) became the most brutal event in the history of mankind at that time. WWI was the first war in which new technology perfected the art of killing. And it began to play in a new way in the feelings of people, it was captured by people who saw the war with their own eyes, and those who were far away. The first poems about the war were patriotic, calling for action and love for the homeland. As they realized what the war was about, poets abandoned the romantic vocabulary they had previously used and felt the need for new means of expression, new rhythms, and new styles that could better mirror the harsh reality of war.

Currently, the term "concept" has established itself as a fundamental concept in cognitive linguistics as the most common. Concepts are the basic units of thinking [1]. The concept acts as a basis for highlighting a certain set of linguistic means used with the concept in the relations of representation [2]. The poetry of the first half of the twentieth century defined the concept of war from different angles. The Russian scientist L. Benediktova concludes that the "Concept of War" is modeled